

Исмаилова Р.Б.¹, Әбіш А.М.¹, Өскенбай А.Қ.¹, Гильманова Д.Т.¹

¹«Алматы Технологиялық университеті» АҚ

Қазақстан, Алматы

e-mail: ayazhan.abisheva1@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстандағы инновацияны дамыту мақсатындағы инфрақұрылым дамыған елдерде инновацияның түрлерінің көбеюі, «g-global» қазіргі әлемде болып жатқан жаһандану процесі анықтамаларының мәні мен мазмұны қарастырылып, функционалдық міндеттеріне талдау жасалған. Қарқынды дамып келе жатқан бәсекелестік процестер мен ғылыми-техникалық прогрестің заманауи жағдайында инновациялар ұлттық педагогиканың негізі және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылатыны жайында қарастырылған. Заманауи технологияларды енгізу және елдің зияткерлік әлеуетін барынша пайдалану арқылы білім беру процесінде инновациялық технологияларды жаңғыртуды қамтамасыз етуі көрсетіледі. Стратегияны іске асыру жалпы қазақстандық қоғамның инновациялық дамуына сәйкес, әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын іске асырылуы басты мақсат етіп алынады. Қазіргі таңда технологияның дамуы, жаһандану бағыты мен бәсеке білім кеңістігіне барған сайын батыл кірігіп, оның ықпалы күшейе береді. Тұжырымдаманың басты ерекшелігі мен артықшылығы білім берудің ұлттық жүйесін қайта құру принципі жаңа идеяларын ұсынуында болып отыр.

Кілт сөздер: инновация, g-global, педагогика, білім беру, технология.

Исмаилова Р.Б.¹, Абиш А.М.¹, Оскенбай А.К.¹, Гильманова Д.Т.¹

¹АО "Алматинский технологический университет"

Казахстан, Алматы

e-mail: ayazhan.abisheva1@mail.ru

Основные направления использования инновационных технологий в образовательном процессе

Аннотация

В данной статье рассматривается сущность и содержание определений процесса глобализации, происходящего в современном мире «g-global», воспроизводства видов инноваций в странах с развитой инфраструктурой для развития инноваций в Казахстане. Предусмотрено, что в современных условиях динамично развивающихся конкурентных процессов и научно-технического прогресса инновации являются основой национальной педагогики и основным фактором обеспечения конкурентоспособности предприятий. Будет показано обеспечение модернизации инновационных технологий в образовательном процессе путем внедрения современных технологий и максимального использования интеллектуального потенциала страны. В соответствии с инновационным развитием казахстанского общества в целом реализация основных направлений социальной политики становится главной целью. В настоящее время развитие технологий, глобализация и конкуренция все более смело интегрируются в образовательное пространство, и его влияние продолжает усиливаться. Главная особенность и преимущество концепции заключается в представлении новых идей принципа преобразования национальной системы образования.

Ключевые слова: инновации, g-global, педагогика, образование, технологии.

Ismailova R. B.¹, Abish A.M.¹, Uskenbay A.K.¹, Gilmanova D.T.¹

Almaty Technological University

Kazakhstan, Almaty

e-mail: ayazhan.abisheva1@mail.ru

The main directions of the use of innovative technologies in the educational process

Annotation

This article examines the reproduction of types of innovation in countries with developed infrastructure for the development of innovation in Kazakhstan, the essence and content of the definitions of the globalization process taking place in the modern world "g-global", analyzes the functional tasks. In modern conditions of rapidly developing

competitive processes and scientific and technological progress, innovations are considered as the basis of national pedagogy and the main factor in ensuring the competitiveness of enterprises. Ensuring the modernization of innovative technologies in the educational process through the introduction of modern technologies and the maximum use of the country's intellectual potential is shown. Implementation of the strategy in accordance with the innovative development of Kazakhstan's society as a whole, the main goal is the implementation of the main directions of social policy. Currently, the development of technology, the direction of globalization and competition are increasingly integrated into the educational space, and its influence continues to grow. The main feature and advantage of the concept lies in the presentation of new ideas of the principle of transformation of the national education system.

Keywords: innovation, g-global, pedagogy, education, technology.

Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда инновациялық жүйені құрайтын негізгі элементтер бар. Ресми түрде елімізде ұлттық инновациялық жүйе (ҰИЖ) құрылды деп айта аламыз. Дегенмен, оны жүйе ретінде, әсіресе жұмыс істейтін жүйе ретінде, үлкен болжамдармен ғана тануға болады. Мемлекеттік органдарда Қазақстанның инновациялық жүйесі қандай болуы керектігі туралы әлі толық түсінік жоқ. Бұл жағдай ҰИЖ-нің теориялық тұжырымдамасын Қазақстанның ғылымды қажет ететін экономиканы дамыту міндеттеріне бейімдеу қажеттілігін күшейтеді.

Зерттеудің нысаны: білім беру жүйесіндегі инновациялық процесстердің негізгі бағыттары

Зерттеудің пәні: педагогика саласындағы инновация

Мақсаты:

Қазақстандағы инновацияны дамыту мақсатында оған сай инфрақұрылымның болуы өзгеше маңызға иелік етеді. Қазіргі таңда, Қазақстанда технологиялық инновацияға бағытталған инфрақұрылым дамып келеді. Жалпы, дамыған елдерде инновацияның қазір түрлерінің көбеюі байқалады. Мысалға, олардың түрлдың түрлеріне сервистік, пайдаланушылық әрі әлеуметтік инновацияларды айтуға болады.

Міндеттері:

- қазіргі таңда қолданылып жатқан инновациялық білім беру бағыттарын зерттеу;

- инновацияның оқыту саласына тигізер әсерін талдау;

- білім беру жүйесіне енгізу жолдарын қарастыру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Инновацияның қазіргі түрлерінің айырмашылығы, өндіруші және тұтынушы

арасындағы сызықты емес өзді-өзі әрекеттесумен әрі оларды құруға тұтынушы «қатысуымен» айқындалады. Сәйкесінше, олар инновациялар «қатты» инфрақұрылымды емес, «жұмсақ» инфрақұрылымды болуы тиіс, мәселен, желілік қауымдастықтар, краудсорсингті қолдану, білімнің дәстүрлі түрлеріне әрі инновациялық инфрақұрылымға сай.

Қазақстандағы бірден-бір осындай инфрақұрылымның негізгі санатында G-Global коммуникациялық платформасын ұсынуға болады.

G-Global – ғаламдық әлемдік құрылғы мәселелері туралы өзара сұхбаттың қосымша құралы. Саяси, әлеуметтік, экономикалық процестері пайда болатын қазіргі әлем үлкен сыртқы әртүрлілігі мен қарама-қайшылығымен сипатталады. Ілгерушілікке не көмектесетіні және не бөгет болатыны, қазіргі қоғам мен мемлекет қандай шақыру мен қауіп-қатерге тап бола алатыны – бұл әлем өркениетінің даму мақсаттары мен міндеттерін түсіну қажеттігін туғызады. Миллиондаған пайдаланушылар G-GLOBAL сайтын қарайды. Толығымен алғанда G-GLOBAL – бұл әлемнің даму жолдарын ғаламдық іздеуге Қазақстанның қосқан үлесі. Қазақстан бастамасы бойынша құрылған G-GLOBAL коммуникативтік алаңы өзінше жариялық дипломаты болды. G-GLOBAL бір жақты ақпаратты жіберу емес, ол барлық әлеммен шешуді талап ететін адамзаттың аса маңызды ғаламдық мәселелері бойынша сұхбатты жүргізу платформасы. Көп ғасырлық тарихы бар мемлекеттік даму үлгісі ретінде 2017 жылы өткен бүкіләлемдік ЭКСПО-2017 көрмесі болды – бұл

Ұлттардың технологиялық-инновациялық және тарихи-мәдениеттік дамудың ерекше апофеозы. Қазақстанның жаңа тарихы өзіне үш транзиттің барлық қиыншылықтары мен қарама-қайшылықтарын алды: қазіргі нарықтық экномиканы құрастыру, демократиялық реформаларды өткізу және адамдардың санасын өзгерту. Саяси, экономикалық дамудың негізгі кезеңдерінің талдауы және ұлттардың рухани жандануы ХХІ ғасырдағы Қазақстанның екінші декадасы ХХ ғасырдың соңғы жылдарындағы еліне ұқсас еместігін көрсетеді[1].

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының рухани-мәдени жаңаруы және әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы жаңа бастамаларының барлығы жаңа білімге негізделуде, яғни, ғылыми техникалық прогрестің жетістіктерін қолдана отырып дамуды көздейді. Еліміздің экономикалық дамуының негізгі бағыттары «Қазақстан - 2050» мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты стратегиясында және Елбасымыздың «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» мақаласында толық айқындалып көрсетілген болатын. Әрине бұл мақсаттарға жету жаңа білімге, жаңа технологияларға, яғни, инновацияларға бағдарлануды керек етеді[2].

ХХІ ғасырдың басталуымен Қазақстан инновациялық дамуға көшкен болатын. Дүниежүзілік экономикалық форум классификациясына байланысты қазіргі таңда Қазақстан инновациялық экономикаға ауысуды бастаған елдердің екінші транзиттік тобына жатады. Бұл көрсеткіш Қазақстанда соңғы он жылдықтарда шикізаттық экономика бағытынан арылып экономиканың инновациялық даму жолына ауысуы керек екендігін көрсететін факты болып табылады. Технопарктер түріндегі инновациялық жүйенің жаңа элементтері қалыптастырылып, Назарбаев Университеті – сияқты жаңа типтегі жоғары оқу орындары құрылды, жаңа кластерлер дамып келеді. Қазақстанда инновациялардың дамуына әсер ететін әлемде пайдаланатын институттардың

көпшілігі жұмылдырылған, алайда олардың барлығы тиісті тиімділікпен әрекет етпейді. Сондықтан басты назарды жаңа институттар мен құралдар құруға емес, әрекеттегілерді нығайтуға және оларды барынша тиімді пайдалануға аудару қажет[3,4].

Біздің көзқарасымыз бойынша, еліміз кәсіпорындардың инновациялық қызметін ынталандыруға көбірек мән беруі тиіс, сонда кәсіпорындар ғылыми әзірлемелер мен зерттеулермен айналысуға міндетті болады. Ол үшін:

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің жаңа технологияларды енгізу мен өз технологиялық инновацияларын жасауға керекті тетіктер мен ынталандыру жүйесін құру, өйткені өнеркәсіптік кәсіпорындар тарапынан жаңа технологияларға сұраныс әлі көптеп кездеспейді;

- жеке және мемлекеттік тікелей шетелдік инвестицияларды, венчурлік қаржыландыруды қамтитын бірлесіп қаржыландыру және өзін-өзі қаржыландыру тетіктерін пайдалану арқылы инновацияларды жасау мен өндіріске енгізу бойынша ресурстық қамтамасыз ету жүйесін құру;

- бизнес, ғылым, білім беру және инновация арасында өзара байланыс жүйесін құру, сол арқылы бәсекелестікті арттыру;

- технологиялар трансферті жүйесін дамыту, бұл жағдайда шетелдік технологияларды көз жұма көшіре бермей, олардың қыр-сыры мен қайталанбастығын бақылай отырып, біздің экономикалық ортамызға үйретуіміз қажет.

Бұл мәселелерді шешу үшін «100 нақты қадам» Ұлт жоспарымен сәйкес институционалдық шарттар керек, атап айтқанда, заңнамалық базаны және мемлекет пен жеке сектордың өзара байланысу тетіктерін, өндірістің интеграциясын жетілдіру қажет. Осыған байланысты ақпараттық-сараптамалық қамтамасыз ету аса зор мәнге ие болады, себебі нарықтар мен салаларды маркетингтік және технологиялық зерттеулердің нәтижелері қазақстандық бизнес үшін халықаралық нарықтағы

тауашаларды анықтауға септігін тизігеді. Қазақстанда инновациялық дамудың жақсы жақтары байқалады. Бірақ жалпы зерттеудің нәтижелерінде бірегей инновациялық қызмет жайлы айту әлі ерте.

Бұл нәтижелер қабылданған және жүзеге асырылып жатқан шаралардың бастапқыда дұрыс көрінгені мен әлі күнге дейін жеткілікті оң нәтижелерді бермей жатқандығын көрсетеді[5].

Қазіргі әлемде болып жатқан жаһандану процесі біздің еліміздің де дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуіне бағыт алуымызды, педагогикалық, ғылыми істерде де біраз өзгерістер енгізуімізді қажет етеді. Бұндағы негізгі ой, алдағы мақсат әлемдік мәдениет пен адами құндылықтар негізінде жан жақты білімді ұрпақ тәрбиелеу. Біздің еліміздің экономикасының қарқынды дамуы, елдегі саяси өмір, әлеуметтік мәдени саладағы өзгерістер, болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде шығармашыл, өз көзқарасы бар, дүниежүзілік мәдениетті танып білетін, кәсіби жоғары білікті адамдар дайындау қажеттігін қоюда.

Бүгінгі таңда кәсіптік білім беретін оқу орнында оқып білім алып жатқан жас ұрпақ алдында «Қазақстан – 2030» бағдарламасында көрсетілген «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» сияқты ұзақ мерзімдік іске асыру стратегиясын үшінші мыңжылдықта жүзеге асыру міндеті тұр. Демек, бұл қоғамдық саладағы өзгерістерге сай жоғары талаптар қоя отырып, экономикалық бәсекелестік жағдайында сапалы мамандар даярлау қажеттігін алға тартады. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде.

Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында жастардың жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруіне, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Ғылым мен техниканың дамуымен әлеуметтік өмір деңгейі де өзгеріп отырады. Осының бәрі табиғат байлығына адам миы мен күшінің жұмысынан туады. Әр адамның ойы мен білімі әр қоғамға қандай

керек болса, табиғат пен оның байлығы да сондайлық керек. Мұның өзі дүние бір-бірімен байланыста дамитынын ондағы адам мен қоғамдағы қатынасты да қадағалай білген жөн. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту туралы тұжырымдамасының» басты мәнділігі – ол үздіксіз білім жүйесінің негізгі идеялары мен қағидаларын ХХІ ғасыр талаптарына сәйкестендірудің және оны әлемдік білім кеңістігінің даму заңдылықтарына ұштастырудың жолдарын көрсетуге арналып отыр.

Тұжырымдаманың басты ерекшелігі мен артықшылығы білім берудің ұлттық жүйесін қайта құрудың принципті жаңа идеяларын ұсынуында болып отыр. Жаңадан енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енудің нысанына айналады. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми әдістердің, жекелеген оқытушылар мен тұтас бір ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді[6].

Қазіргі таңда технологияның дамуы жаһандану бағыты мен бәсеке білім кеңістігіне барған сайын батыл кірігіп, оның ықпалы күшейе беретіні күмәнсіз. Олардың арасындағы қарым-қатынас күрделі мәселелерді тудыруы мүмкін. Бірақ, ол құбылыстардың ұлттық мүддеге және халықаралық талаптарға барынша сай келіп, белгіленген шектен аспауы тиіс. Әрине, әр елдің мүддесіне орай көзқарастарда алшақтықтардың болмай қоймайтыны белгілі. Оған бір ғана мысал, білім беру ісін мемлекет қамқорлығына алу керек пе, жоқпа, деген сауалға жауап әрқалай. Айталық, Еуропа елдері мемлекеттік қолдаудың қажеттілігін баса айтып отыр. Біздің отанымыздағы ұстаным да сол пікірмен сәйкес келеді. Бір атап өтерлігі, әлемдік білім кеңістігі стратегиясы ретінде онда көтерілген мәселелердің ешқайсысы да біздің мемлекеттік мүддемізге қайшы келмейді. Оның үстіне Қазақстандағы білім беру жүйесінің деңгейі әлемдегі дамыған елдердің көрсеткішімен орайлас.

Бізде білім берудің ірге тасы берік қаланған, оған деген көзқарас та ерекше, әр азамат өзінің және ұрпағының білікті де білімді болуын алдыңғы қатарға қояды. Қазіргі уақытта педагогиканың бір ерекшелігі адамның тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуында болып отыр[7].

Елімізде білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін Ш.Т.Таубаева, Н.Н.Нұрахметов, С.Т.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Ж.А.Қараев, С.Д.Мұқанова, Н.И.Хван, Т.О.Балықбаев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубақова, З.У.Имжаров, Л.Е.Румянцева, М.М.Мұқаметқалиқызы және т.б. педагог ғалымдар зерттеген. Соңғы жылдары осы саладағы жұмыстар көлемі арта түсіп, жалпы педагогикалық инновацияға, оның ішінде инновациялық білім беру үдерістеріне қатысты бірқатар аспектілер зерттеле бастады.

Жекелеп айтатын болсақ, Ш.Т.Таубаева ғылымтану саласының маманы ретінде педагогика әдіснамасы, педагогикалық инноватика, жоғары мектеп дидактикасы туралы 400-ден аса еңбектердің авторы. Сонымен қатар, К.Т.Сарбасова жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау процесін зерттеп, инновациялық педагогикалық технологиялар мүмкіндіктерін айқындаған. Инновациялық педагогикалық технологиялары негізінде мұғалімдердің дайындаған дамыту жолдары белгіленген.

С.А.Көшімбетова оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалану, Д.Р.Принбекова мектеп басқарушыларының инновациялық дайындығын негіздеп, кәсіптік ерекшеліктерін қалыптастыру, Қ.М.Нағымжанова бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру мәселелерін қарастырған.

Е.Ш.Қозыбаев үздіксіз көп деңгейлі жоғары педагогикалық білім жүйесі үздіксіз білім мазмұнын интеграциялық тұрғыдан құру, өз бетінше жұмыс істеу, басқару жүйесіндегі субъектілік өзара әрекет, білім сапасын басқарудың

инновациялық механизмдері арқылы бітірушілердің педагогикалық дайындығының қажетті сапасын қамтамасыз етуге қабілетті екендігін анықтаған.

С.А.Әбдіманапов заманауи университет білімінің құрылымдық диверсификациясын талдап, университет білімін қалыптастыру әдістемесін (инновациялық технологиялары, функциялары, бағыт-бағдарлары, макропринциптері) жетілдірген. Білім жүйесінің тиімділігін арттыру және оны жетілдірілген потенциалға келтіру мақсатында білім беру саласына белсенді ақпараттану қажеттілігін көрсеткен.

Қ.С.Құдайбергенова жалпы білім беру мектептерінде мұғалімдердің «өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру», «инновациялық топ», «мұғалімдердің өз кәсіби мүмкіндіктерін жүзеге асыруға даярлығы» базалық ұғымдарды нақтылап, мұғалімдердің өз кәсіби мүмкіндіктерін жүзеге асыруға даярлық үлгісін әзірлеген.

Т.А.Линчевская Қазақстан Республикасындағы орта білім жүйесіндегі инновациялық үдерістерді қарастырып, «инновациялық мектеп» түсінігі мен оның тұжырымының маңызын айқындаған. Қазақстан Республикасында инновациялық түріндегі оқу орындарының қызмет көрсету тәжірибесі жинақталып, қалыптасу және даму ерекшелігі анықталған.

Бұл еңбектерде жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістері арқылы студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, қазақ мәдениет рәміздерінің рөлін жетілдіруді басқару мәселелері ғылыми тұрғыда жеке мәселе ретінде зерттелмеген. Бүгінгі күні әртүрлі елдер үшін білім беру мен тәлім-тәрбиені дамыту бағытында ортақ қиыншылықтардың туындағанына қарамай, олар бір-бірінен білім беру мәселелерін шешу жолдары, әдістері және мақсаттары тұрғысынан елеулі дәрежеде ерекшеленіп отырғандығы байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. <http://www.akorda.kz> (01.06.2018ж.).
2. The Global Competitiveness Report 2015– 2016 // URL: <http://reports.weforum.org> (06.07.2018)
3. ҚР стратегиялары мен бағдарламалары. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Электронды ресурс // URL: <http://www.akorda.kz> (01.06.2018ж.)
4. G-GLOBAL - XXI ғасыр әлемі [Text] / Назарбаев, Нұрсұлтан Әбішұлы ; [жауап. ред. Б. Майлыбаев]... – Астана : Деловой Мир Астана, 2013. - 214 б.
5. «Білім туралы заң» 2007, Астана
6. Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы. 10 шілде, 2012 жыл.

References

1. Tórtinshi ónerkásiptik revolúsiа jaǵdaiыndaǵy damýdyń jańа múmkindikteri. Qazaqstan Respyblikasynyń Prezidenti N.Á. Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. 2018 jylǵy 10 qańtar. <http://www.akorda.kz> (01.06.2018 j.).
2. The Global Competitiveness Report 2015– 2016 // URL: <http://reports.weforum.org> (06.07.2018)
3. QR strategialary men baǵdarlamalary. Qazaqstan Respyblikasy Prezidentiniń resmi saity. Elektrondy resýrs // URL: <http://www.akorda.kz> (01.06.2018 j.)
4. G-GLOBAL - XXI ǵasyr álemi [Text] / Nazarbaev, Nursultan Ábishuly ; [jaýap. red. B. Maılybaev]... – Astana : Delovoi Mir Astana, 2013. - 214 b.
5. "Bilim týraly zań" 2007, Astana
6. Elbasynyń "Qazaqstannyń áleýmettik jańǵyrtılyúy: Jalpyǵа Ortaq Eńbek Qoǵamyna qaraı 20 qadam" atty maqalasy. 10 shilde, 2012 jyl.

Сведения об авторах

Исмаилова Роза Байжумановна

Лауазымы: әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының сениор-лекторы п.ғ.к, қауымд. профессоры, Алматы Технологиялық Университеті

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы

Сот.тел +77477881709

e-mail: 68roza.i@mail.ru

Әбіш Аяжан Мырзакерімқызы

Лауазымы: 7М07202 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы мамандығының 1 курс магистранты, Алматы Технологиялық университеті

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы

Сот.тел +77475665008

e-mail: ayazhan.abisheva1@mail.ru

Өскенбай Ақмоншак Қуанышқызы

Лауазымы: 7М07202 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы мамандығының 1 курс магистранты, Алматы Технологиялық университеті

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы

Сот.тел +7777425798

e-mail: akmonshak.oskenbay@mail.ru

Гильманова Даяна Талғатовна

Лауазымы: 7М07202 – Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы мамандығының 1 курс магистранты, Алматы Технологиялық университеті

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы

Сот.тел +77715958306

e-mail: Gilmanovad609@gmail.com

Исмаилова Роза Байжумановна

Должность: сениор-лектор кафедры социально-гуманитарных дисциплин, к. п. н., ассоц. профессор, Алматинский Технологический Университет

Адрес: Республика Казахстан, г. Алматы

Моб.тел +77477881709

e-mail: 68roza.i@mail.ru

Абиш Аяжан Мырзакеримқызы

Должность: магистрант 1 курса специальности 7M07202 - технология перерабатывающих производств, Алматинский технологический университет

Адрес: Республика Казахстан, г.Алматы

Моб.тел +77475665008

e-mail: ayazhan.abisheva1@mail.ru

Оскенбай Акмоншак Куанышқызы

Должность: магистрант 1 курса специальности 7M07202 - технология перерабатывающих производств, Алматинский технологический университет

Адрес: Республика Казахстан, г.Алматы

Моб.тел +77777425798

e-mail: akmonshak.oskenbay@mail.ru

Гильманова Даяна Талгатовна

Должность: магистрант 1 курса специальности 7M07202 - технология перерабатывающих производств, Алматинский технологический университет

Адрес: Республика Казахстан, г.Алматы

Моб.тел +77715958306

e-mail: Gilmanovad609@gmail.com

Ismailova Rosa Baizhumanova

Position: senior lecturer of the Department of Social and Humanitarian Disciplines, PhD, Assoc. Professor, Almaty Technological University

Address: Republic of Kazakhstan, Almaty city

Mob.phone: +77477881709

e-mail: 68roza.i@mail.ru

Abish Ayazhan Myrzakerimkyzy

Position: 1st year master's student of specialty 7M07202 - technology of processing industries, Almaty Technological University

Address: Republic of Kazakhstan, Almaty city

Mob.phone: +77475665008

e-mail: ayazhan.abisheva1@mail.ru

Oskenbai Akmonshak Kuanyshkyzy

Position: 1st year master's student of specialty 7M07202 - technology of processing industries, Almaty Technological University

Address: Republic of Kazakhstan, Almaty city

Mob.phone: +77777425798

e-mail: akmonshak.oskenbay@mail.ru

Gilmanova Dayana Talgatovna

Position: 1st year master's student of specialty 7M07202 - technology of processing industries, Almaty Technological University

Address: Republic of Kazakhstan, Almaty

Mobile phone +77715958306

e-mail: Gilmanovad609@gmail.com